

**Құрметті Гүлмира Истайбекқызы!**  
**Құрметті депутаттар, Үкімет сағатына қатысушылар!**

Өздеріңізге белгілі, 2008-2009 жылдары экономикалық-қаржылық дағдарыс кезінде Елбасының тапсырмасы бойынша елімізде жұмыссыздардың өсуіне жол бермеу мақсатында **«Жол картасы»** әзірленіп, жүзеге асырылған.

Айтулы кезеңде өңірлерде **9 мыңға** жуық жоба жүзеге асырылып, **377 мыңнан** аса уақытша жұмыс орындары құрылды.

Бүгін Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған 2011 жылдан бастап атқарылып келе жатқан **«Жұмыспен қамту жол картасы»** бағдарламасы, бірінші кезеңде жүзеге асырылған жол картасының заңды жалғасы деп айтуымызға болады.

Тағы да бір айта кететін жайт, жұмыспен қамту бағдарламасының аясында қамтылған міндет: әлі де болса тұрақталмаған экономика жағдайында жұмыссыздықтың алдын алу ғана емес, сонымен бірге елімізде атқарылып жатқан индустриалдық-инновациялық жобаларды ескере отырып, жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты нәтижелі жұмысқа тарту болатын.

Бағдарлама іске асырылған жылдар ішінде, яғни 2011 жылдың 1-шілдесінен бастап **744 мыңнан** астам азаматтарға мемлекеттік қолдау алды. Оның ішінде **563 мың** азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Тек биылғы жылдың **9 айында** бағдарламаға **146 мың** адам тартылды.

Атқарылған жұмыстар жалпы еңбек нарығының негізгі сандық және сапалық көрсеткіштеріне өзінің оң әсерін тигізді. Сіздерге берген материалдарда 2015 жылы 2010 жылмен салыстырғанда жұмыспен қамтылған халықтың саны **6,3 пайызға**, соның ішінде жалдамалы жұмыскерлер, яғни еңбек шартымен, тұрғылықты жұмыс орны бар азаматтардың саны **16,6 пайызға** өскенін көруге болады.

Белгіленген міндеттерге сәйкес бағдарлама **үш бағытта** жүзеге асырылып келеді. Сіздердің рұқсаттарыңызбен олардың әрқайсысына қысқаша тоқтап өткім келеді.

**Құрметті Гүлмира Истайбекқызы!**  
**Құрметті депутаттар!**

2011 жылдан бері мемлекетімізде іске асырылып жатқан «Жұмыспен қамту жол картасы» мыналарды қамтиды:

*біріншіден*, экономикалық жағдайдың нашарлауы кезінде жұмыссыздықтың артуын болдырмауға бағытталған дағдарысқа қарсы шаралар. Бұл міндеттер Бағдарламаның бірінші бағытында іске асырылған.

*екіншіден*, азаматтарды оқыту, микрокредит беру және өз еркімен қоныс аудару арқылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз азаматтарды нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту бойынша шаралар.

Бағдарламаның осы екі бағыты аталған шараларды шешуді көздейді. Бағыттарда іске асырылған шараларды ескере отырып, олардың орындалуына қысқаша тоқтап өтуге рұқсат етіңіздер.

Бағдарламаның іске асырыла бастағаннан бері оның бірінші бағыты шеңберінде **10,5** мың инфрақұрылымдық жоба қамтылған, оның **54%-ы** немесе **5 712** жоба **ағымдағы жылы** іске асырылуда.

Олардың іске асырылуына қаржыландыру көлемдерінің жалпы сомасы **211 млрд.** теңгені құрады, оның ішінде **81,5 млрд.** теңге ағымдағы жылы бөлінген қаражат.

Көрсетілген жобаларда **41 мыңнан** астам жұмыс орындарын құру көзделуде.

2016 жылға дейін Бағдарламаның бірінші бағытын іске асыру Жұмыспен қамту орталықтары арқылы **34 мың** жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты уақытша жұмыспен жаппай қамтуға мүмкіндік берді, олардың **70%-ға** жуығы ауыл халқы болып табылады.

Осы кезең аралығында олар отбасы табысына еңбекақы түрінде **27 млрд.** теңгеге (*айына әр адам үшін орташа 42 мың теңге*) жуық табыс алды, өздерінің жинақтаушы зейнетақы қорына **2,7 млрд.** теңге және әлеуметтік сақтандыруға **1,2 млрд.** теңге аударуға мүмкіндік алды.

Жұмыс жасай отырып қажетті еңбек дағдыларын ала отырып, олардың **40%-ынан** астамы немесе **14 мың** Бағдарламаға қатысушы **тұрақты** жұмыс орындарында жұмыс жасауға қалды.

Осы шаралар жұмыссыздық деңгейінің **5%-ға** дейін қысқаруына септігін тигізді, егер осы шараларды пайдалану нәтижесінде тұрақты жұмысқа орналастырусыз **ғана** жұмыссыздық деңгейі **5,2%-ды** құратын еді. Бағдарламаның осы бағытының басты шарты жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды барлық жобаларды іске асыруға міндетті тарту болып табылады.

2017–2019-жылдарға арналған бюджетте Бағдарлама шеңберіндегі инфрақұрылымдарды іске асыруға арналған қаражат Бағдарламадан алып тасталып, жалпы сипаттағы трансферттер түрінде (*әр жылға 40 млрд. теңгеден*) жергілікті бюджетке берілгенін білесіздер.

Бағдарламаның **екінші бағытының** мақсаты өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз азаматтар қатарынан жеке кәсіпкерлерді **қалыптастыру** және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың қызметін заңдастыру болып табылады.

Осы мақсаттарда азаматтардың аталған санаттарына кәсіпкер ретінде **салық органдарында** тіркелу шартымен жеке ісін ашуға немесе кеңейтуге **5 жылға 3 млн.** теңгеге дейін **микрокредит** ұсынылады.

Бұл ретте, алғаш рет кредит алып жатқан үміткерлерге **кәсіпкерлік негіздеріне** оқудың айлық курсы көзделген. Оқу Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының базасында жүргізіледі, онда оларға **бизнес-жоспар** даярлауға жәрдем көрсетіледі, одан кейін олардың қажеттілігіне қарай бір жыл аралығында жобаларды **сервистік** қолдау да көрсетіледі.

Микрокредит беру үшін республикалық бюджеттен Бағдарлама іске асырыла бастағаннан бері **101,7 млрд.** теңге бөлінді, оның ішінде ағымдағы жылдың үлесі **30,8 млрд.** теңгені құрайды. Соңғы қарыз алушылар үшін кредиттің орташа мөлшерлемесі жылына **6%-ды** құрайды.

Алдыңғы жылдардағы тәжірибе Бағдарламаға қатысушылардың шағын несиені **ауыл шаруашылығында (79 %)**, оның ішінде басым бөлігін **мал шаруашылығында** пайдаланатындығын көрсетті, өйткені бұл ауылдықтар үшін ең түсінікті және қолжетімді бизнес. Осы тәжірибені ескере отырып, ағымдағы жылы біз тәсілдерді өзгерттік.

**Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне** бірігуді және жеке қосалқы шаруашылық базасында ұсақ тауарлар өндірісін ашуды ынталандыру үшін несие мөлшерін **6 млн.** теңгеге дейін ұлғайттық. Кооперация оларға жемдеу және өнімдерді өткізу мәселелерін бірлесіп шешуге оң әсерін тигізеді.

Бұл бағыттар мемлекетіміздің **5 өңірінде** (*Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстары*) **пилотты** іске асырылуда. Олардың нәтижесі бойынша Бағдарламаға тиісті өзгерістер енгізіледі.

Бағдарлама іске асырылған барлық кезеңдегі шағын несие берудің нәтижелері мен еңбек нарығы және жалпы экономика үшін одан қандай нәтиже алғанымыз туралы бірер сөз айта кетсем.

Соңғы бес жылда **41 мың 600 адам** шағын несие алды. Оның ішінде **27 мың 900 адам** бірінші рет кәсіпкер атанды. Несие алған адамдар жұмысқа қосымша 38,5

мың ауылдастарын алған. Осылайша, бұл бағыт **80 мыңнан астам** адамды тұрақты кіріспен және жұмыспен қамтамасыз етті.

Салалар бөлінісінде, микрокредиттердің **79 %-ы** ауыл шаруашылығына, **10%-ы** қызмет көрсетуге, **4 %-ы** тауар өндірісіне және **4 %-ы** өзге салаларға бағытталған.

Жаңа кәсіпкерлердің қызметтерін заңдастырудың арқасында олар **9,6 млрд. теңге** сомада зейнетақы төлемдерін аударып, өздерінің әлеуметтік сақтандыруларына **4,3 млрд. теңге** жарна аударды. Бюджетке табыс салығы түріндегі салық түсімдерінің ең аз көлемі **4,2 млрд. теңге** көлемінде бағаланады. Бағалау бойынша олар өндірген өнімдердің көлемі **120,4 млрд. теңгені** құрады.

Егер Бағдарлама шеңберінде халықтың кәсіпкерлік бастамашылығына осындай қолдау шаралары көрсетілмесе, бүгінгі күні **жұмыссыздық деңгейі 5,0 %-дың орнына 5,8 %-ды** құрайтын еді.

Келесі маңызды мәселе – бұл **бюджеттік кредиттерді уақтылы өтеу**.

Ағымдағы жылдың соңына қарай Бағдарлама іске асырыла бастағанда берілген бюджеттік кредиттерді қайтару уақыты келеді. Сол себепті біз тиісті мониторинг жүргізіп отырмыз.

*Ағымдағы жылдың 1 қарашасына* арналған кестеге сәйкес соңғы несие алушылар биыл берілген **71 млрд. теңгенің 37,1 млрд. теңгесін** өтеуге тиіс, іс-жүзінде соңғы несие алушылардан **31,3 млрд. теңге** түсті, оның ішінде мерзімінен бұрын өтелген сомаларда бар. Егер, мерзімінен бұрын өтелген сомаларды есептемесек, онда несиелердің кесте бойынша қайтарылуы **81 %-ды** құрайды (*кестеден 5,9 млрд. теңгеге қалып отырмыз*).

Бұл ретте кестеден асыра қалып отырған *Батыс Қазақстан, Алматы, Атырау, Қазылорда* облыстары. Алдағы уақытта микрокредиттердің көлемін (мөлшерін) барынша ұлғайту көзделуде, бұл ретте осы процеске қалалық жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға шағын несие беру үшін Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен жеке микроқаржы ұйымдары, сондай-ақ «Даму» қоры тартылатын болады.

Бағдарламаның **үшінші бағыты** ең алдымен, азаматтардың кәсіптік ұтқырлығын арттыруға бағытталған бірқатар құралдарды көздейді. Оның ішінде негізгісі Бағдарламаға қатысушыларды нысаналы **оқыту** болып табылады.

Біз бастапқы жылдары мектеп бітірушілерді қоса алғанда, жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды жұмысқа орналасу жөніндегі міндеттемесіз **жаппай оқытқан болатынбыз**. Өйткені бұл да олардың еңбек нарығындағы әлеуетін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы мемлекеттік қолдау жолы болатын.

Алайда, 2013 жылдан бастап еңбек нарығының көлемі мен еңбек ресурстарына деген сұранысты есепке ала отырып, Біз тәсілдерді қайта қарадық. Осы процеске **жұмыс берушілердің қатысуына** ден қоя отырып енді Бағдарлама шеңберінде оқыту одан әрі жұмысқа орналастыру міндеттемесімен жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша ғана жүргізілуде.

Бағдарламаны жүзеге асырудың барлық кезеңінде оқытумен **129 мың** адам қамтылып, оның ішінде **35,2 мың** адам жұмыс берушілердің сұранысы бойынша оқытылған. Соңғы оқытылғандарының ішінде (*яғни жұмыс берушілердің сұранысы бойынша оқытылғандардың қатарынан*) 90%-ы өз мамандықтары бойынша жұмыспен қамтылған.

Яғни, жаппай оқытудан бас тарту арқылы біз олардың одан әрі жұмысқа орналасу үлестерін ұлғайту арқылы, тиімділікті арттырдық.

Алайда 2013 жылдан бастап 2023 жылдар аралығында бізде еңбек нарығына 90-шы жылдары дүниеге келген адамдар шығады, яғни **демографиялық қолайсыз** жағдайда. Егер 2013 жылға дейін жыл сайын экономикалық белсенді халықтың таза өсімі **200-250 мың** адамды құраса, бұл көрсеткіш бізде 2019 жылға қарай **19 мың** адамды құрайтын болады және 2023 жылдан кейін қайта қалпына келеді.

Осыған орай экономиканың сұранысын қамту үшін бізге қазір бар **еңбек ресурстарының әлеуетін арттыру** бойынша жұмыстар жүргізу қажет.

Еңбек нарығындағы бар үрдістерді есепке ала отырып, ағымдағы жылдан бастап Мемлекет Басшысының тапсырмасы бойынша БҒМ азаматтарға алғашқы кәсібін алу үшін **Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тегін оқытуды** бастайды.

Екінші кәсіпті, яғни қайта даярлау немесе біліктілігін арттыруды жұмыспен қамту Бағдарламасы аясында кеңейтуді жоспарлаудамыз.

Үшінші бағыттың тағы бір және өте маңызды құралы болып **«жастар практикасы»** және **әлеуметтік жұмыс орындары** - мемлекетпен субсидияланатын жұмыс орындарын. Бұлар жас түлектерді және халықтың жекелеген әлеуметтік осал топтарын қолдау үшін қажет. Бағдарламаны жүзеге асыру жылдары осы құралдарды **201 мың** адам пайдаланып, оның оның ішінде ағымдағы жылы **27 мың** адам пайдаланды.

Бес жыл үшінде осы мақсатқа жұмсалған қаражат сомасы **25,2 млрд.** теңгені құрады (*оның ішінде ағымдағы жылы – 4 млрд. теңге*). Бұл уақытша жұмыспен қамту екендігін атап өткен жөн, алайда бұл еңбектік, кәсіби дағдылар алуда айтарлықтай көмек болып табылады, олардың одан әрі тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа тұру мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Ағымдағы жылдың *1-қазанына* әлеуметтік жұмыс орындарындағы жұмыстарын аяқтағандардың **81%-ы** және жастар практикасын аяқтағандардың **60 %-ы** тұрақты жұмысқа ие болды.

Келесі жылдан бастап, жұмыс істеймейтін жастарды жұмыспен қамту мақсатында біз Білім және ғылым министрлігі және ҰКП бірлесіп, компьютерлік сауаттылыққа және кәсіпкерлік негіздеріне жаппай оқыту тетіктерін енгізуді жоспарлаудамыз. «Нұр Отан» партиясымен бірлесіп, Ұлттық бірыңғай тестілеуден межелі балл ала алмаған мектеп бітірушілерді одан кейін жұмысқа орналастырумен оларды жұмысшы мамандықтарға оқыту жөніндегі жобаны бастаймыз, бұл жөнінде ДСӘДМ, БҒМ және «Нұр Отан» партиясы арасында тиісті меморандумға қазанда айында қол қойылды.

Өздеріңізге белгілі ағымдағы жылы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Бағдарламаға бірінші рет бірқатар **дағдарысқа қарсы жаңа** тетіктер мен құралдар енгізілді, бұндағы басты шарт жұмыс берушілердің жұмыскерлерді жұмыстан босату қаупі болған кезде, жұмыс орындарын сақтауы болып табылады.

Ағымдағы жылы Бағдарлама арқылы **1949 (бір мың тоғыз жүз қырық тоғыз)** жас жұмыскерді оқыту ұйымдастырылып, жұмыс беруші жұмыс орындарын қысқартпауы шарттарында **702 жұмыскерді** оқытуға жұмыс берушілерге гранттар берілді. Бұдан басқа, зейнеткерлік жас алдындағы жастағы **985 адам** оқытылды.

Сондай-ақ, еліміздің **сегіз ірі** өндірістік кәсіпорнында қысқарған жұмыс уақыты үшін білікті жұмыскерлердің жалақыларының бір бөлігін уақытша субсидиялау тетігі алғаш рет қолданылды. Субсидиялауға үш жылдан астам адам қатысты және олар үшін **127 млн. теңге** бөлінді.

Бұл бағытта еңбек ресурстарының тапшылығы бар өңірлерге **ерікті түрде қоныс аудару** тетіктері жүзеге асырылуда. Біздің институттарымыз бен ұлттық сарапшылармен жүргізілген халық санының болжамдары келесіні көрсетеді.

2050 жылға қарай демографиялық және миграциялық тенденцияларды ескере отырып, **оңтүстік өңірлердің** халқы **5,2 млн. адамға** өсіп елдің барлық халық санның **55%** құрайтын болады. Бұған қоса оңтүстік өңірлердің халқының тығыздығы солтүстік өңірлерден **4 есе көп** болып, бұл еңбек ресурстарының **өңірлік теңгерімсіздігінің шиеленісуіне** әкеліп соғады.

Белгіленген үрдістерді есепке ала отырып ерікті қоныс аударудың **географиясы кеңейтілді**. Егер бағдарламаның алғашқы жылдары қоныс аудару облыс ішінде экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерден едәуір дамыған

аудандар мен қалаларға болтын болса, 2015 жылдан бастап Бағдарламаға облыстар арасында қоныс аударуды енгіздік.

Қазіргі таңда Үкімет ішкі қоныс аудару үшін қоныстанудың өңірлік квоталарын белгіледі, онда Оңтүстік-Солтүстік бағытына басымдық беріледі.

Анықтама ретінде:

Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарына қоныстану үшін **оралмандарға** бегіленген квота **1259 отбасыны** (немесе **4056** адам, оның ішінде **1887** адам еңбек етуге қабілетті) құрайды. **Ішкі көшіп-қонушылар** үшін квота **463 отбасыны** (немесе **1135** адамды, оның ішінде **694-і** еңбек етуге қабілетті) құрайды. Қоныстану аймағы: ШҚО, Қостанай және Павлодар облыстары. 2016 жылы барлығы **6,7 мың** адамды қамту жоспарлануда.

Бағдарлама іске асырылған кезеңде өз еркімен **18 мың** адам, олардың ішінде **97%** бір облыс ішінде және **3%** басқа облыстарға қоныс аударды.

Бұл **5 мыңнан** астам отбасы, осы отбасылардың еңбекке қабілетті адамдардың **78%-ы жұмысқа орналастырылды.**

Осы міндетті іске асыру үшін Бағдарлама іске асырылған кезеңде **37 млрд.** теңге (оның ішінде ағымдағы жылы **4,0 млрд. теңге**) бөлінде.

Оның ішінде **28,5 млрд.** теңге немесе **77%-ы 1 353** үйдің және жатақхананың (оның ішінде **5 499 пәтерге/бөлмеге**) құрылысына, **7,6 млрд.** теңге немесе **21%** инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жеткізуге және **746 млн.** теңге немесе **2%** Бағдарламаға қатысушылардың бірінші бейімделуге, жол жүруге және мүлікті жеткізуге бағытталған.

### **Құрметті депутаттар!**

Бағдарламаның үш бағыты азаматтарды жұмысқа орналастыруға бағытталған.

Бағдарлама іске асырылған жылдары оның қатысушылары **744 мың** адам болды, оның ішінде **563 мың** адам немесе **76%** тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды.

Жұмысқа орналастырылғандардың жалпы санынан жұмыссыздар **60%-ды**, **өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 37%-ды** құрайды. Жастық құрылымда **29** жасқа дейінгі **жастар** басым, олардың үлесі жұмысқа орналастырылғандардың жалпы қатарында **51%-ды** құрайды.

Бағдарламаға қатысушыларды есептеу және олардың қозғалысы күн сайынғы негізде «**Еңбек нарығы**» **ААЖ** арқылы іске асырылады. Онда біз қолдауға жүгінген адамдардың санын да, Бағдарламаға қатысушыларға ұсынылған мемлекеттік қолдау шараларының түрін және көлемін де көре аламыз.

Жұмысқа орналастырылған азаматтарды **мониторингілеу** БЖЗҚ келіп түсетін зейнетақы аударымдарын ескере отырып, іске асырылады. Бүгінгі күні аударымдардың орташа пайызы **80%-ды** құрайды. Бұл мониторинг әр Жұмыспен қамту орталығының және жергілікті атқарушы органдардың жұмысының бақылау шарасы болып табылады.

Бағдарлама іске асырылып жатқан жылдары оған жаңа құралдар енгізіліп, нақты жағдайды, жаңа трендтерді ескере отырып, тәсілдер өзгеріп отырды, осы процес жалғастырылатын болады.

Мемлекет басшысы **нәтижелі жұмыспен қамтуды** кеңейту және **жаппай кәсіпкерлікті** ынталандыру туралы міндет қойды, сәйкесінше бұл Бағдарламаның бұдан әрі дамуын қажет етеді.

**Назарларыңызға рахмет.**

## Уважаемая Гульмира Истайбековна! Уважаемые депутаты!

Реализуемая с 2011 года в стране «Дорожная карта занятости» включает в себя:

*во-первых*, антикризисные меры, направленные на недопущение роста безработицы в условиях ухудшения экономической ситуации. Эти задачи реализованы в **первом направлении** Программы.

*во-вторых*, меры по вовлечению в продуктивную занятость самозанятого и безработного населения через обучение, предоставление микрокредитов и добровольного переселения граждан.

Эти два направления Программы предусматривает решение этих задач.

Позвольте вкратце остановиться на исполнении указанных направлений с учетом реализованных в них мероприятий.

За период реализации Программы в рамках первого ее направления охвачено **10,5 тыс.** инфраструктурных проектов, из них **54%** или **5712** проектов реализуются в **текущем году**. Общая сумма объемов финансирования на их реализацию составила **211 млрд.** тенге, в том числе **81,5 млрд.** тенге это средства, выделенные в текущем году. Только в текущем на указанных проектах создается **41 тыс.** рабочих мест.

Реализация первого направления Программы *до 2016 года* дала возможность массово занять временной работой через Центры занятости **34 тыс.** безработных и самозанятых граждан, из которых почти **70%** сельское население. За этот период они получили в доходы семьи в виде зарплаты порядка **27 млрд.** тенге (*в среднем по 42 тыс. тенге на каждого в месяц*), имели возможность перечислить **2,7 млрд.** тенге в свои накопительные пенсионные фонды и **1,2 млрд.** тенге на свое социальное страхование.

Приобретая за время работы необходимые трудовые навыки, более **40%** из них, или **14 тысяч** участников Программы смогли закрепиться на **постоянную** работу. Эти меры повлияли на сокращение уровня безработицы **до 5%**, тогда как **только** без постоянного трудоустройства в результате применения этих мер, уровень безработицы бы составил **5,2** процента.

Главным условием этого направления Программы было обязательное вовлечение безработных и самозанятых граждан в реализацию всех проектов.

Теперь, как вы знаете, в бюджете 2017-2019 годов средства на реализацию инфраструктурных проектов на условиях Дорожной карты занятости, мы передаем местным бюджетам в виде трансферов общего характера. (*по 40 млрд. тенге в год*)

Задачей **второго направления** Программы является **формирование** индивидуальных предпринимателей из числа самозанятых и безработных граждан и формализация деятельности самозанятых граждан.

В этих целях для данных категорий граждан предоставляются **микрокредиты** до **3-х млн.** тенге **на 5 лет** на открытие собственного дела или на его расширение, с условием **регистрации в налоговых органах** в качестве предпринимателя. При этом, претендентам, впервые получающим кредиты, предусмотрены месячные курсы обучения **основам предпринимательства**. Обучение проводится на базе Центров обслуживания предпринимателей, где им оказывается помощь в подготовке **бизнес-планов**, а затем по их потребности и **сервисную** поддержку проектов в течение года.

Для выдачи микрокредита из республиканского бюджета, с начала реализации Программы, выделено **101,7 млрд.** тенге, из них доля текущего года составляет **30,8 млрд.** тенге. Средняя ставка кредита для конечных заемщиков составляет **6%** в год.

Мониторинг отраслевой структуры выданных кредитов предыдущих лет показывает, что в основном участники Программы используют микрокредиты в **сельском хозяйстве (79%)**, в частности в **животноводстве**, так как это самый понятный и доступный бизнес для сельчан.

С учетом сложившейся практики, в текущем году мы **изменили подходы**. Увеличили размеры микрокредитов **до 6 млн.** тенге для стимулирования объединения в **сельскохозяйственные кооперативы** и создания мелкотоварного производства на базе личного подобного хозяйства. Кооперация, в целом, поможет им сообща решать вопросы кормов и сбыта продукции. Эти направления реализуются **пилотно в 5 регионах** страны (*Алматинской, Жамбылской, Кызылординской, Южно-Казахстанской и Актюбинской областях*). По их результатам будут внесены соответствующие изменения в Программу.

Хотелось сказать несколько слов о результатах микрокредитования **за весь период** реализации Программы, и какой эффект мы получили от микрокредитования для рынка труда и экономики в целом.

За пять лет **41 тыс. 600** человек получили микрокредиты. Из них **27 тыс. 900** человек впервые стали предпринимателями. Лица, получившие кредиты, дополнительно взяли на работу еще **38,5 тыс.** односельчан. Таким образом, это направление обеспечило постоянными доходами и работой более **80 тыс.** человек. В отраслевом разрезе, **79%** микрокредитов направлены в сельское хозяйство, **10%** - услуги, **4%** - в производство товаров и **4%** - прочие отрасли.

Благодаря формализации их деятельности, новыми предпринимателями произведены пенсионные отчисления в сумме **9,6 млрд.** тенге и **4,3 млрд.** тенге взносы на свое социальное страхование. Минимальный объем налоговых поступлений в бюджет от них в виде подоходного налога оценивается в размере **4,2 млрд.** тенге. По оценке, объем произведенной ими продукции составил **120,4 млрд.** тенге. И если бы не было этих мер поддержки предпринимательских инициатив населения в рамках ДКЗ, то **уровень безработицы** на сегодня составил бы **5,8%** вместо **5,0 %**.

Следующий важный вопрос – это своевременное **погашение бюджетного кредита**.

К концу текущего года наступает время погашения бюджетных кредитов, выделенных в начале реализации Программы. Поэтому мы ведем соответствующий мониторинг. Из выданных до этого года почти **71 млрд.** тенге, согласно графику на *1 ноября т.г* должно было быть возвращено конечными заемщиками **37,1 млрд.** тенге, фактически поступило от конечных заемщиков – **31,3 млрд.** тенге, в том числе досрочно погашенные суммы. И если считать без досрочно погашенных сумм, процент возврата микрокредитов по графику составляет **81** процентов (*отставание от графика – 5,9 млрд. тенге*).

Наибольшее отставание по графику наблюдаются, в основном, в *Западно-Казахстанской, Алматинской, Атырауской, Кызылординской* области. В дальнейшем предполагается существенно увеличить объемы (размеры) микрокредитования, при этом вовлекая в этот процесс НПП и частные микрофинансовые организации, а также фонд «Даму» для микрокредитования городского безработного и самозанятого населения.

**Третье направление** Программы предусматривает ряд инструментов, направленных, прежде всего, на повышение профессиональной мобильности граждан. Ключевым из них является целевое **обучение** участников Программы.

В первые годы мы массово обучали безработных и самозанятых граждан, выпускников школ, **без обязательств по трудоустройству**. Так как это тоже было формой господдержки, в целях повышения их потенциала и конкурентоспособности на рынке труда.

Но с учетом емкости рынка труда и спроса на трудовые ресурсы, начиная с 2013 года мы пересмотрели подходы. Сделан был акцент **на участие работодателей** в этом процессе и обучение сегодня в рамках Программы теперь проводится только по заявкам работодателей с обязательствами дальнейшего трудоустройства.

За весь период реализации Программы обучением были охвачено **129 тыс.** человек, из них **35,2 тыс.** по заявкам работодателей. Из числа последних на постоянную работу (*т.е из числа лиц обученных по заявкам работодателей*) трудоустроились 90% по своим профессиям.

Таким образом, отойдя от массовости обучения, мы повысили эффективность, увеличив долю трудоустроенных лиц. Но следует отметить, что с 2013 по 2023 год у нас на рынок труда будут выходить лица, родившиеся в 90-е годы, то есть в годы **неблагоприятной демографической** ситуации. Если до 2013 года ежегодный **чистый прирост** экономически активного населения составлял около **200-250 тыс.** человек, то к 2019 году он у нас составит **19 тыс.** человек и восстановится только после 2023 года.

В этой связи для покрытия потребности экономики нам необходимо будет проводить работу по **повышению потенциала** имеющихся сейчас трудовых ресурсов. С учетом имеющихся тенденций на рынке труда с текущего года, по поручению Главы государства МОН начинает **бесплатное обучение в ТИПО** для получения первой профессии.

Вторую профессию, то есть переподготовку или повышение квалификации планируем расширить в рамках Программы занятости. Еще одним и очень важным инструментом третьего направления является **«молодежная практика»** и **социальные рабочие места** - субсидируемые государством рабочие места. Они необходимы для поддержки молодых выпускников и отдельных социально уязвимых групп населения.

За период реализации Программы этими инструментами воспользовались **201 тыс.** человек, в том числе **27 тыс.** человек в **текущем** году. Общая сумма расходов на эти цели за пять лет составил **25,2 млрд.** тенге (*в том числе выделено в текущем году – 4 млрд. тенге*). Следует отметить, что это временная занятость, но она является существенной помощью в приобретении трудовых, профессиональных навыков, что расширяет их возможности дальнейшего постоянного трудоустройства.

И в текущем году *на 1 октября*, **81%** из числа завершивших работу на социальных рабочих местах и **60%** завершивших «молодежную практику», смогли получить **постоянную** работу.

Со следующего года, в целях охвата занятостью неработающей молодежи, мы планируем ввести совместно с МОН и НПП механизмы массового обучения компьютерной грамотности и основам предпринимательства. Совместно с партией «НурОтан» начнем проект по обучению рабочим специальностям выпускников школ, не прошедших пороговое значение ЕНТ, с дальнейшим их трудоустройством, о чем в октябре был подписан соответствующий меморандум между МЗСР, МОН и партией «НурОтан».

Как вы знаете, в текущем году в соответствии с поручениями Главы государства, впервые был введен ряд новых **антикризисных** механизмов и инструментов Программы, главным условием которых было сохранение работодателями рабочих мест при наличии рисков высвобождения работников.

В текущем году через «ДКЗ 2020» организовано обучение **1 949** (*одной тысячи девятьсот сорок девяти*) молодых работников, и предоставлены **гранты** работодателям на обучение **702** работников, с условиями, что работодатель не будет сокращать рабочие места. Кроме того, было обучено **985** лиц предпенсионного возраста.

Также впервые применен механизм временного субсидирования части заработной платы квалифицированных работников за сокращенное рабочее время на **восьми** крупных промышленных предприятиях страны. Субсидирование коснулось **более трех тысяч** работников, и для них выделено **127 млн.** тенге.

В этом направлении реализован также механизм **добровольного переселения** граждан в регионы, где имеется дефицит трудовых ресурсов.



Прогнозы численности населения, проведенные нашими институтами и национальными экспертами показывают следующее.

К 2050 году, с учетом существующих демографических и миграционных тенденций население **южных регионов** вырастит на **5,2 млн.** человек или составит **55%** всей численности населения страны. При этом плотность расселения южных регионах будет практически в **4 раза** превышать северные, что приведет к усугублению **регионального дисбаланса** трудовых ресурсов.

С учетом обозначенных тенденций **география** возможного добровольного переселения **расширилась**. Если в первые годы осуществлялось **только внутриобластное** переселение – из населенных пунктов с низким экономическим потенциалом в более развитые районы и города, то с 2015 года внедрили межобластное переселение.

В настоящее время Правительством определены **квоты** для внутреннего переселения, преимущественно в направлении **Юг-Север**.

*Справочно: Установленная квота для **оралманов** - **1259 семей** (или **4056 чел.**, из них трудоспособных **1887 чел.**) для расселения в Акмолинской, Актюбинской, ЗКО, ВКО, Костанайской, СКО и Павлодарской областях. Квота для **внутренних мигрантов** составляет **463 семей** (или **1135 чел.**, из них трудоспособных **694 чел.**). Расселение в ВКО, Костанайской, СКО и Павлодарской областях. Всего в 2016 году планируется охватить **6,7 тыс.** человек.*

За период реализации Программы добровольно переселено **18 тыс.** человек, из них **97%** внутри одной области, и **3%** в другие области. Это более **5 тысяч семей**, **78%** трудоспособных лиц этих семей **трудоустроены**. Для реализации этой задачи за весь период действия Программы было выделено **37 млрд.** тенге (в том числе в текущем году **4,0 млрд. тенге**).

Из них **28,5 млрд.** тенге или **77%** направлено на строительство **1353** домов и общежитий (в них **5499 квартир/комнат**), **7,6 млрд.** тенге или **21%** на подведение инженерно-коммуникационной инфраструктуры, и **746 млн.** тенге или **2%** на первичную адаптацию, проезд и провоз имущества участников Программы.

#### **Уважаемые депутаты!**

Все три направления Программы направлены в конечном счете на трудоустройство граждан.

За годы реализации участниками Программы стали **744 тыс.** человек, из них **563 тысяч** или **76%** трудоустроены на постоянные рабочие места. Из общего числа трудоустроенных **безработные** составляют **60%**, **самозанятые** - **37%**. В возрастной структуре преобладает **молодежь** до 29 лет, их доля составляет **51%** от общей численности трудоустроенных.

Учет и движение участников Программы осуществляется на ежедневной основе посредством **АИС «Рынок труда»**. В ней мы видим, как количество человек обратившихся за поддержкой, так и виды и количество мер господдержки, представленных участникам Программы.

**Мониторинг** трудоустроенных граждан осуществляется с учетом поступающих пенсионных отчислений в ЕНПФ. На сегодня средний процент отчислений составляет **80%**. Этот мониторинг является мерой контроля работы каждого Центра занятости и местных исполнительных органов. Разбирательство идет по каждому случаю и на системной основе. За годы реализации Программы в нее включались новые инструменты или менялись подходы с учетом реальной ситуации, новых трендов, и этот процесс будет продолжаться.

Главой государства поставлена задача о расширении **продуктивной занятости** и стимулирования **массового предпринимательства**, соответственно это требует дальнейшего развития Программы.

**Спасибо за внимание.**